

no
404 келіс
ЧЖКЗ

**«Алматы қаласы дамыту орталығы» Акционерлік қоғамының
Аудиттелген
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Алматы қ., 2021

МАЗМҰНЫ

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың растауы	3
Тәуелсіз аудитор есебі	4
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілік:	
Қаржылық жағдай турал есеп	7
Жиынтық кіріс туралы есеп	10
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	12
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	15
Жылдық қаржылық есептілікке ескертпелер	20-44

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін қаржылық есептілікті дайындауы үшін жауапкершілік туралы басшылықтың растауы

Төмендегі растау тәуелсіз аудитордың ұсынылған есебінде қамтылған және «Алматы қаласын дамыту орталығы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі атауы - Қоғам) қаржылық есептілігіне қатысты тәуелсіз аудиторлар мен «Алматы қаласын дамыту орталығы» Акционерлік қоғамы басшылығының жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалған, Қоғам басшылығының және тәуелсіз аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуға тиіс.

Қоғам басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қаржылық жағдайын, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталындағы өзгерістерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттарының қысқаша мазмұнын және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес өзге де ескертпелерді барлық елеулі аспектілерде анық көрсететін қаржылық есептіліктің дайындалуы үшін жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Қоғам басшылығы төмендегілер үшін жауап береді:

- есеп саясаты қағидаттарының дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз ету;
- ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, анықтығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың Қоғам қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар әсер ететін есептілікті түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- Қоғамның жақын болашақтағы қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, мұндай жол беру құқыққа қайшы болған жағдайларды қоспағанда.

Сондай-ақ Қоғам басшылығы төмендегілер үшін жауап береді:

- Қоғамда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін;
- кез-келген уақытта Қоғамның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына және Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиісті бухгалтерлік есеп жүйесінің жүргізілуі үшін;
- бухгалтерлік есептің ҚР заңнамасына және ХҚЕС-ке сәйкес жүргізілуі үшін;
- Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралардың қабылдануы үшін;
- алаяқтық, қателіктер және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу үшін.

Қоғам басшылығы негізді түрде өзінің қызметін жақын болашақта жалғастыратынын болжамдайды. Демек, қаржылық есептілік үздіксіз қызмет принципіне сәйкес дайындалады.

Осы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін қаржылық есептілік Қоғам басшылығымен 2021 жылғы «28» 04 бекітілді.

Басшылық атынан қол қойылды:

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Мөрдiң орны



Изтелеуов С.Б.

Ажгалиева А.А.